

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ Сапа саласындағы саясаты

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ (ОҚМА) - қазақстандық және халықаралық нарықтарда білім беретін, Қазақстан Республикасының жетекші бейінді медициналық жоғары оқу орны. ОҚМА медицина, фармацевтика және инженерлік-фармацевтикалық бағыттағы мамандар мен ғылыми кадрларды барлық деңгейде даярлайды. ОҚМА-ның білім беру, ғылыми-зерттеу және клиникалық қызметі сапалы білімнің, іргелі ғылымның және инновациялық практиканың синергиясына бағытталған. Саясат тұрақты дамудың заманауи жаһандық құндылықтарына (ESG), Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (WFME) критерийлеріне, академиялық адалдық пен басқарудың ашықтығы қағидаттарына негізделеді.

ОҚМА-ның қызметі ISO 9001-2015 халықаралық стандарттарының, ҚР заңнамасының, білім беру мен денсаулық сақтау саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының талаптарын орындауға, ESG, WFME және HAAR халықаралық талаптарын ішкі стандарттарға интеграциялауға бағытталған. ОҚМА құзыреттілік тәсілге және студентке бағытталған оқытуға негізделген білім беру бағдарламаларын енгізеді. Бағдарламалар оқытудың нақты соңғы нәтижелерін (Learning Outcomes) анықтау бөлігінде WFME стандарттарына сәйкес келеді және клиникалық хаттамаларға сай жұмыс берушілер мен білім алушыларды жұмылдырып, жыл сайын қайта қаралады.

Дарынды талапкерлерді тарту ашық конкурстық іріктеуге негізделген және студенттерді академиялық, әлеуметтік қолдаудың кешенді траекториясы қамтамасыз етіледі. ОҚМА-ның кадр саясаты меритократияға, конкурстық рекрутингке және нақты денсаулық сақтау саласынан жетекші әлемдік мамандарды жұмылдыруға негізделген. Ғылыми мектептерді дамыту, дәйексөз келтіру мен патенттік белсенділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру және оларды оқу жоспарларына енгізу маңызды бағыттар болып табылады.

ОҚМА барлық процестердің сапасы туралы деректерді жинаудың және талдаудың бірыңғай цифрлық экожүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Қаржы саясаты кіріс көздерін әртараптандыруға және ресурстарды ашық нысаналы бөлуге бағытталған. Қаржыландыру векторы университеттік клиниканы, симуляциялық орталықтарды және заманауи зертханаларды қамтитын инновациялық медициналық экожүйені дамытуға бағытталған, ал ресурстық база ESG-дің Е-компонентін ескере отырып жаңғыртылады.

«ОҚМА» АҚ басшылығы институционалдық менеджменттің барлық деңгейлерінде ішкі сапа мәдениетін дамытуды қамтамасыз етеді. Басқарушылық шешімдер қабылдау жүйесі Демингтің үздіксіз жақсарту циклі (PDCA) шеңберінде алқалылық, инклюзивтілік, тәуекелдерді басқару және стейкхолдерлерден жүйелі түрде кері байланыс жинау қағидаттарына негізделеді. ОҚМА ұлттық және жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудағы мәртебесін нығайту үшін осы Саясатты бұлжытпай ұстану міндеттемесін өзіне алады.

Ректор



Ж.С.Сейтжанова

«31» 08 2026 жыл

№ 1 көшірмесі